

Осы сабақты өткізу барысында мен Action Research жобасы бойынша семинарларда алған білімімді тағы да жүзеге асырып көрдім. «Мұғалім тарапынан үнемі беріліп отыратын кері байланыс сабақ сапасының жақсаруына әсер ете ала ма?» деген сұраққа осы сабақтарымда тағы бір дәлелді жауап тапқандай болдым. Берілген тапсырмалар мен қолданған әдістер қалай әсер ететінін қадағаладым. Қадағалаудан байқағаным: аудиал, визуал, кинестетик оқушылардың әрқайсысының қабылдауы ерекше, сондықтан әр оқушының қабілетіне қарай басқаша қатынас жасау керек, тиімді кері байланыс баланың мерейін өсіреді, оқуға деген ынтасын арттырады, сабақ сапасын жақсартады деп қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Петти Д. «Современное обучение». – перевод П.Кириллова, – М., 2010. – (Сер.«Прикладная психология»).
2. Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб., 2000. – (Сер.«Мастера психологии»).
3. Дудкина О.И., Буркитова А.А., Шакиров Р.Х. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство. - Б.: «Билим», 2012.
4. Браус Дж., Вуд Д. Инвайронментальное образование в школах: Руководство: как разработать эффективную программу: Пер. с англ. – СПб., 1994.

Трусбаева Енлик Сакеновна
Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы

ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫ ЫНТАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУҒА ЫҚПАЛЫ

АННОТАЦИЯ

Деңгейлік курстарда оқылған формативті бағалау оқушының сабаққа деген ынтасын арттырып қана қоймайды, оның өз бетімен іздену дағдысын да қалыптастырады. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында формативті бағалау оқушының өзін-өзі жетілдіре алатынына сенімін қалыптастыруға көмектесті.

Түйінді сөздер: деңгейлік курс, формативті бағалау, оқушының өзін жетілдіруі.

АННОТАЦИЯ

Формативное оценивание повышает не только мотивацию к обучению, но и навыки самостоятельной работы учащихся. В статье также показана эффективность формативного оценивания в обучении казахскому языку, его роль в формировании чувства успешности ученика.

Ключевые слова: уровневые курсы, формативное оценивание, самосовершенствование ученика.

ABSTRACT

Formative assessment not only increases the motivation to learn, but also the skills of independent work of students. The paper also shows the effectiveness of formative assessment in learning the Kazakh language and its role in shaping a sense of student success.

Keywords: proficiency courses, formative assessment, student self-improvement.

Қазіргі кезде мұғалім оқушыға білім алудың жобалық, шығармашылық және зерттеу жұмыстары сияқты жаңа түрлерін ұсынғанымен, оны бағалаудың жаңа құралдарын әлі қолдана қойған жоқ. Оқушылар үшін жабық болып көрінетін бағалаудың консервативті түрі: дәстүрлі бесбалдық жүйе бұған жарамайды. Бағаның қандай критерийлер негізінде қойылатыны оқушылар үшін түсініксіз, критерийлер талқыланбайды. Бұл білім беруді дараландыруға үйлеспейді. Осыған жауап ретінде бағалаудың жаңа түрлері ұсынылды: формативті бағалау (formative assessment) және суммативті (summative) бағалау [1]. Бұл

термин өзін-өзі бағалайтын оқушының оқушының және мұғалім іс-әреткенің кез келген түріне байланысты, ол кері байланыс орнатуға ықпал етіп, білім беру мен білім алу үдерісін түрлендіруге мүмкіндік береді (Black, P. and Wiliam, D. 1998) [2].

Формативті бағалау оқушы тиімділігіне оң ықпал етеді. Неліктен?

Оқу үшін бағалау – бұл оқушы мен мұғалімнің оқушы оқудың қай деңгейде екенін анықтауға, сонымен бірге білім беру мен оқу үдерісін қалай түзетуге болатынын айқындауға мүмкіндік беретін іздену мен түсіндіру үдерісі.

Оқуды саяхатпен салыстыруға болады: оқушы өзінің қай жерде екенін, қайда баратынын, бір орыннан екінші орынға қалай жететінін білуі керек.

Осы білім саяхатына көмектесу үшін мұғалім әрбір оқушы туралы деректер жинап, онымен кері байланыс орнатып, алға қарай жылжуына көмек беру үшін қарым-қатынас жасай білуі керек.

Формативті (ішкі) бағалау әрбір оқушының жеке жетістігін анықтауға бағытталып, оқушыларды бір-бірімен салыстырмайды. Оның қалыптастырушы деп аталатыны да баға жеке оқушыға бағытталған, білім мазмұнын меңгерудегі олқылықтарды көрсетіп, оларды барынша тиімді меңгеруге арналған.

Осындай бағалау жүйесін қолданғанда ғана педагог пәнді оқытудың мақсатын нақты көрсете алады, оқушы оқыған тақырыптарды біртұтас жүйеге біріктіріп, нәтижені қадағалаудың адекватты тәсілдерін анықтайды. Оқушыны барынша күш жігерін салып оқуға жетелейді. Оқушылар болса, өзін-өзі бағалаудың ұстанымдарын меңгеріп, өз нәтижесін жақсарту әдістерін игереді, мұғаліммен бірге өзінің білім алуға деген жауапкершілігін бөліседі.

Мұндай ішкі бағалаудың мәнісін оқушыны өсімдікпен салыстырып көрсетуге болады: суммативті бағалауда біз оқушының сыртқы бойын ғана өлшегендей боламыз, ал ішкі бағалау өсімдікке су құйып, қоректік зат бергенмен бірдей, өйткені біз тікелей оның өсуіне ықпал ете аламыз (Блэк П.И., Вильям Д., 1998) [3].

Сонымен бірге мынадай теңеуді де қолдануға болар еді: аш адамды балықпен тамақтандырғанша, оған қармақ беріп, балық аулауды үйреткен дұрыс. Бірінші жағдайда оның қарны тоқ болып, еңбекқор болады, екінші жағдайда қарны тоқ болса да жалқау болады.

Мұны оқуға қатысты деп айтсақ та болады. Білім берудің мақсаты – оқушыны мәліметтермен қаруландыру емес, оны ақпарат жинап, өңдей білуге үйрету. Оқушыға берілетін білім көлемі аз болса да, оны бастапқы дереккөздермен жұмыс істеп, білімді терең меңгеруіне көмек береміз керек. Осылай алған білім көлемі аз болса да берік болады, ұзақ уақыт бойы ұмытылмайды. Оңай алынған білім оңай ұмытылатынын еске сақтайық (Джеймс М., 2002). Қиындықпен алынған білім мидың түбінде жатпай, үнемді белсенді қозғалыста болады.

Білім беру сонымен бірге білімді қолдану дағдысы да. Егер жоғары сынып оқушысы өз ойын еркін айтып, жазып бере алмаса, онда оны білім алды деп айтуға бола ма? Еңбек адамды теориялық білімнен гөрі дамыта түседі. Қазіргі білім беруде ақпарат өте көп мөлшерде беріледі.

Ақпаратты молынан береміз деп оқушының қарапайым тілдік талдау жасау дағдысын қалыптастыруына да уақыт таппай жатамыз.

Қазіргі әлем жылдам өзгеріп отыр, сондықтан заманынан қалып қоймас үшін бала өте көп білуі керек дейміз. Соның нәтижесінде бала қорытып үлгермейтін өте үлкен көлемдегі ақпарат беріле бастайды. Кез келген ақпаратты баланың дұрыс қабылдауы үшін алдымен оның дүниеге деген көзқарасын қалыптастырып алуымыз керек еді.

Ол үшін көп білімнің де қажеті жоқ: ең алдымен, құндылықтар иерархиясын (не маңызды, не маңызды емес), екіншіден, адамгершілікті қалыптастыру (не жақсы, не жаман). Осыдан кейін бала кез келген ақпаратты ойланып, бағалауға үйренеді.

Егер оқушының әлемді тұтас қабылдауы қалыптасса, онда ол алынған білімнің барлығын өзінің білім жүйесіндегі қажетті орнына қоя біледі, өзіндік бағалау жасай алады.

Білім сапасын арттырудың бір жолы – оқушыны білімін тексеру мен бағалау. Сондықтан мұғалімнің бағалау қызметі – мектептегі аса өзекті мәселенің бірі.

Формативті бағалау мен суммативті бағалауды салыстыру

Формативті ағымдық бағалау	Суммативті – қорытынды бағалау
Оқу барысында формативті бағалау	Тақырып немесе бөлім соңында бағалау
Кері байланысты орнатады	Қорытынды бағалау болып табылады
Оқушыларға өз жұмысын түзетуге мүмкіндік береді	Оқушыларға нені үйренгенін көрсетуге мүмкіндік береді
Мұғалімге өз жұмысын түзетуге мүмкіндік береді	

Формативтік және жиынтық (жиынтықтайтын) бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленседе, бірақ берілген екі терминнің мәні нақты ажыратылмаған [1, б. 31]. Бұның біріншісін ынталандыру үшін қойылатын баға деп, екіншісін білімді қорытынды бағалау деп түсінсек болады.

Оқытуды, әдістерді және оны іске асыру мүмкіндіктерін жақсарту жолдарын анықтауға бағытталған бағалау *формативті* немесе *оқыту үшін бағалау* болып табылады. Бұл терминді 1989 жылдан бастап жұмыс жүргізген Ұлыбритания академиктерінен құралған Бағалау Реформасының Тобы (Assessment Reform Group) 1999 жылғы зерттеу нәтижелері туралы жариялағанда ұсынды.

Осы теориялық мәселелерді егізге ала отырып, өзімнің ұзақмерзімді зерттеуімді 2014 жылдың 1-3 тоқсандары арасында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылындағы Ғ.Мұратбаев мектеп-гимназиясының 8-сыныптарында жүргіздім. Сыныпта 31 оқушы бар. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары аптасына 3 рет өтеді.

8-сыныптағы қазақ тілі сабақтарындағы формативті бағалау технологиясын сынау кезінде оқуды бағалауда мына қадамдарды орындауға ұмтылдым:

- Оқушылармен оқу мақсаты туралы ой бөлісу, оны түсінікті тілмен жеткізу;
- Оқушылардан не күтілетінін білуге көмектесу;
- Оқушының өзін-өзі және сыныптастарын бағалауы;
- Оқушының өзін-өзі жетілдіре алатынына сенімін қалыптастыру;
- Сыныпта жағымды ахуал орнату;
- Оқушылармен бірге бағалау туралы ақпаратты жиі талқылау;

Зерттеуіме негіз болатын теориялық мәселелерді әртүрлі әдістемелік дереккөздерден алдым.

Зерттеу барысында формативті бағалаудың оқушы мотивациясын арттыра түсетініне көз жеткіздім. Ендігі мақсат – жетістік критерийлерін жетілдіру арқылы оқушының өзіндік жұмыс істеуге ынталандыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы
2. Блэк П.И., Вильям Д. (1989). *Сыныпта бағалау және оқыту, білім берудегі бағалау: ұстанымдар, саясат және практика*. 5 (1): 5–75.
3. Блэк П.И., Вильям Д. (1998). *Қара жәшіктің ішінде: жоғарылайтын стандарттар және сыныптағы бағалау*. Лондондағы Кингс-Колледж, Оқыту мектебі (NFER/Nelson қолайлы).